№97 орта мектепте өткізілген кезекті 

педагогикалық кеңес

хаттамасы №1

Аранды ауылы 28 тамыз 2024 жыл

Қатысуға тиіс - 36

Қатысқаны - 31

Қатыспағаны - 5 (себепті)

Күн тәртібі:

1. ҚР „Білім туралы" Заң талаптарының орындалу барысы, 2023-2024 оқу жылының қорытындысы, 2024-2025 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жоспарын бекіту.
Хабарламашы: мектеп директоры - А. Ахуашова

2. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығын таныстыру. Бағалау өлшемшарттарына сәйкес „№97 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау өткізу жөніндегі комиссия құрамын бекіту.
Хабарламашы: мектеп директоры - А. Ахуашова

3. Үлгілік оқу жоспарының сәйкестігі (тарифтеу мұғалімдердің апталық жүктемесі, факультативтік және элективтік курстардың пәндері дене шынықтыру бойынша төленетін қосымша оқу) жұмыс оқу жоспарын бекіту. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар мазмұнының үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкестігі, бекіту.
Хабарламашы: мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары - А. Жэди

4. Сабақ кестесінің ҚР Денсаулық Сақтау Министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №76 бұйрығына сәйкес жасалуы.
Хабарламашы: мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары - А. Жэди

5. Әдістемелік бірлестік жетекшілері шығармашылық топ жетекшілері мен жас маман тәлімгерлерін, сынып жетекшілерін бекіту.
Хабарламашы: мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары - А. Жэди

6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 „Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" бұйрығы талаптарының орындалуы.
Хабарламашы: мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары – А. Жәди.

7. „Біртұтас тәрбие" бірыңғай бағдарламасындағы ерекшеліктер.
Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі кеңес құрамын бекіту;
Хабарламашы: мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Н. Тақыбай

8. „Мектепке жол" акциясының іске асырылуы.
Хабарламашы: мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Н. Тақыбай

9. Ережек тәртібі мен төтенше жағдай бойынша түсінік жұмыстары.
Хабарламашы: Бастауыш кәсіподақ төрағасы – А. Ахма

10. Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің берілуі
Хабарламашы: кітапханашы – М. Наурызбай

11. 2024-2025 оқу жылында аттестаттаудан өтетін педагогтер тізімі

12. Ағымдағы мәселелер.

Педагогикалық кеңесті мектеп директоры А. Ақуашова ашып, күн тәртібімен таныстырды.
Тыңдалды:
1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры А. Ақуашова хабарлама жасады. Өткен 2023-2024 оқу жылының табысты аяқталғанына және жеткен жетістіктеріне тоқталды. 2023-2024 оқу жылын 111 оқушы, 34 педагог қызметкермен аяқтады. Оқу жылының қорытындысы бойынша білім сапасы – 69,9%.
11-сыныпты 10 оқушы бітірді. 9 оқушы ҰБТ-ға қатысты. Орта балл – 100 балл. 2 оқушы „Алтын белгі" белгісін, 2 оқушы „Үздік аттестат" алды.
9-сыныпты 7 оқушы бітірді, оның 3-еуі „Үздік аттестат" алды.
2023-2024 оқу жылында мектеп бойынша 35 педагог қызметкер түгелдей жоғары білімді. Біліктілік санаттары бойынша зерттеуші – 6, сарапшы – 13, I санатты – 1, модератор – 10, II санатты – 1, педагог – 4. Педагог-зерттеуші және педагог-сарапшы педагогтардың үлесі – 57,1%.

2023 жылдың 15 қарашасында №97 орта мектепте „Мектеп оқушыларына әскери-патриоттық тәрбие берудің маңызы" тақырыбында аудандық семинар болып өтті.

„1000 мектеп" жобасы аясында мектеп „Тиімді бағалау - сапалы білім берудің негізгі құралы" облыстық семинарда „Білім беруді дамыту жағдайында бейінаралық және бейіндік оқытуды ұйымдастыру" тақырыбында жұмыс көрсетті.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің „Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясында сынып жетекшілер жоспарға сәйкес 34 тәрбие сағатын, 22 сыныптан тыс жұмыс өткізді.

„Мектепке жол" акциясы аясында аз қамтылған 5 отбасынан 5 оқушыға мектеп формасын алып беріп демеушілік жасалды. Сонымен бірге әлеуметтік топтағы 35 оқушыға білім қорының есебінен 40567 теңгеден көмек көрсетілді.

Жыл барысында мұғалімдер аудандық кәсіби сайыстарға қатысып отырды.

Оқушылар аудандық олимпиада, түрлі байқауларда жүлдегер болды. Облыстық, республикалық деңгейде жетістікке жеткен оқушылар мен мұғалімдерді атап өтсек: Ауыл мектептерінің 9-11 сынып оқушыларына арналған республикалық пәндік олимпиаданың облыстық кезеңінде 11-сынып оқушысы Мамытова А. география пәнінен 2-орын, 9-сынып оқушысы Баймұрат Д. география пәнінен 3-орын. Жетекшісі - Құлбай Г. 11-сынып оқушысы Қайратқызы С. химия пәнінен Алғыс хат. Жетекшісі - Әлменұлова Ә. Республикалық кезеңде 11-сынып оқушысы Мамытова А. география пәнінен 3-орын. 11-сынып оқушысы Ақниет Шынар „І. Жансүгіров оқулары" байқауының аудандық, облыстық кезеңдерінде I орын, республикалық кезеңінде II орын алды. Сонымен қатар 7-сынып оқушысы Наурызбай Диана „Оқ ату" спортынан республикалық кезеңге жолдама алып, қатысып, командалық есепте I орын, жеке жарыста республикадан II орын алды.

Енді жаңа 2024-2025 оқу жылында жаңа міндеттер мен жетістіктер күтуде. Оқу-тәрбие жоспары жасалып, бекітілді.

Қаулы: 2023-2024 оқу жылында атқарылған жұмыстар жақсы деп бағалансын.
2024-2025 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жоспары бекітілсін.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп директоры Қызылорда облысы бойынша білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2023 жылғы 7 қарашадағы № 545-ні бұйрығымен бекітілген 2024 жылы мемлекеттік

аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесімен таныстырды. Сонымен қатар „Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту" туралы ҚР Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына тоқталды:

-Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауы белгілі бір кезеңдерден тұрады. Олардың бірі педагогикалық кеңес өткізу. „Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту" туралы ҚР Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы:

2) мемлекеттік аттестаттау алдындағы білім беру ұйымдарына бағалау оқу нәтижелеріне бағалау жүргізу арқылы мемлекеттік аттестаттау басталғанға дейін бір ай бұрын өткізіледі, сонымен қатар бағаланатын кезең бұрын өткен екі оқу жылы мен ағымдағы оқу жылы болып табылады.

4. Оқыту нәтижелеріне бағалау 4, 9-сыныптардағы білім алушылары арасында білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тестілеу жүйелері негізіндегі ұйым әзірлеген компьютерлік форматтағы кешенді тестілеу (бұдан әрі-компьютерлік тестілеу) технологиясы бойынша жүргізіледі.

4) компьютерлік тестілеу контингенттің тізімдік құрамынан білім алушылардың жалпы 90%-ы қатысқан кезде жүргізіледі (бітірушілердің жалпы саны 10 немесе одан аз білім алушыларды құрайтын білім беру ұйымдары үшін-төменде 80%);

6) білім алушылар компьютерлік тестілеу рөлдерінен босатылады және мынадай жағдайларда оқыту нәтижелерін бағалауға жататын білім алушылар контингентінің тізімдік құрамына енгізілмейді:

психологиялық медициналық-педагогикалық консультациялық қорытындылары (ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар үшін);

7) Бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім алушылары үшін компьютерлік тестілеу кезіндегі бағалау шкала (пайыздық қатынаста) мынадай түрде айқындалады:

„Өте жақсы" - 85-100%

„Жақсы" - 65-84%

„Қанағаттанарлық" - 40-64%

„Қанағаттанарлықсыз"- дұрыс жауаптар емтихан материалындағы сұрақтар санынан 40%-дан төмен болғанда.

8. Білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған нысан бойынша көрсетілетін білім беру қызметтеріне қанағаттану дәрежесін

айқындау үшін білім беру саласындағы уәкілет-
ті орган ведомствосының аумақтық бөлімше-
лерінің қызметкерлері онлайн форматта
сауалнама жүргізеді.
бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы
білім беретін оқу бағдарламаларын іске
асыратын білім беру ұйымдарында - педагогтер,
4, 9-сыныптардың білім алушыларына және
олардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне);
білім беру ұйымында бітіруші сыныптар
болмаса - жоғары сыныптардың білім
алушыларымен және ата-аналарымен (заңды
өкілдері);

2-параграф. Бастауыш, негізгі орта және
жалпы орта білім берудің жалпы білім бере-
тін оқу бағдарламаларын іске асыратын
білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарт-
тары

12. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып,
бастауыш, негізгі орта және жалпы орта
білім беру мазмұнына өлшемшарттар:
1) білім беру ұйымының басшысымен бекітілген
жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің
бағы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту
министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы
№ 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі
орта және жалпы орта білім берудің мем-
лекеттік жалпыға міндетті білім беру
стандарты талаптарына және Қазақстан
Республикасы Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен
бекітілген бастауыш, негізгі орта және
жалпы орта білім берудің үлгілік оқу
жоспарларына (бұдан әрі - ҮОЖ) сәйкестігі;
2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы-
мен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойын-
ша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес
жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық маз-
мұнын игеру;
3) білім алушылардың танымдық мәселелерін
шешуге және субъективті жаңа білімді
меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті
зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылық-
тарды дамытуға бағытталған тәрбие жұмыс-
сын іске асыру;
4) білім алушылардың рухани-адамгершілік,
азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетика-
лық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды
қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан
тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдас-
тыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысан-

дарын ұйымдастыру;

5) білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі);

6) ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру;

7) ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру;

8) „Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсын игеру;

9) „Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсын іске асыру.

10) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 30721 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі - біліктілік талаптары) сақтау.

13) Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім алушыларының оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

1) білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы;

2) білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҮОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдың оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы;

3) сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.

14) Білім алушылардың дайындық деңгейіне өлшемшарттар:

1. ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына

сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер);

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастыруын және жиынтық бағалау талаптарын сақтау;

15. Оқу мерзіміне өлшемшарттар:

1) тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау;

2) сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.

Мектепте білім беру қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізу кезінде зерделеудің негізгі бағыттары мен объектілері назарға алына отырып, өзін-өзі бағалауды мектептің қызметкерлерінен тұратын комиссиямен жүргізу ұсынылады:

1. А. Алуашова – комиссия төрайымы, мектеп директоры;
2. А. Жәди – комиссия мүшесі, мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары;
3. Н. Тағыбай – комиссия мүшесі, мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары;
4. Е. Тағыбай – комиссия мүшесі, шаруашылық меңгерушісі;
5. Г. Шаһнидаева – комиссия мүшесі, педагог-психолог;
6. Н. Жукеев – комиссия мүшесі, әлеуметтік педагог;
7. М. Өтепбергенқызы – комиссия мүшесі, „Арай" шағын орталығының әдіскері

Педагогикалық кеңеске қатысушылар бірауыздан комиссия құрамын қолдады.

Қаулы:

- ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы басшылыққа алынып, өзін-өзі бағалау жұмыстарын ұйымдастырылсын. Өзін-өзі бағалау жұмыстарын сапалы жүргізу үшін ұсынылған комиссия құрамы бекітілсін.

Келесі кезекте 3, 4, 5, 6 мәселелер бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2. | Кадырова Жадыра Тайкбайқызы | бастауыш | "педагог-сарапшы" 20.12.2019 №152 | "педагог-зерттеуші" |
| 3. | Айтжанова Карлыгаш Сергалиевна | математика | "педагог-сарапшы" 21.08.2020 №57 | "педагог-сарапшы" (растау) |
| 4. | Аянова Райкуль Кудайбергеновна | математика | "педагог-сарапшы" 21.08.2020 №57 | педагог-зерттеуші |
| 5. | Жолдасова Жеңіскүл Жекқызы | информатика | педагог-модератор 21.08.2020 №57 | педагог-сарапшы |

2024-2025 оқу жылында мерзімі келген, аттестаттаудан өтетін басшылар тізімі:

| р/с | Басшының аты-жөні | Лауазымы | Лауазымы бойынша біліктілік санаты | Өтініш берген санаты |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Алуашова Алмагүл Бекжановна | директор | басшы-ұйымдастырушы 5.08.2022ж | Екінші санатты басшы |

Алдағы жылы аттестаттаудан өтетін басшы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 2-сәуірдегі №72 бұйрығының 18-қосымшасына, педагогтер 9-қосымшасына сәйкес қыркүйек айында өтініш береді.

Қаулы:

2024-2025 оқу жылында кезекті аттестаттаудан өтетін басшы мен педагог қызметкерлердің тізімі бекітілсін.

Аттестаттау ережесіне сәйкес құжаттар жөнінде түсінік жұмыстарын жүргізу және өтініштерін мерзімінде тапсыруын бақылау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары А. Жәдігеге міндеттелсін.

Мектеп директоры А. Алуашова педагогикалық кеңесті қорытындылай отырып, мектеп мұғалімдері мен оқушыларын мектеп формасын ұқыпты сақтауға, сабаққа кешікпей келуді басты міндет деп ескертті.

2024-2025 оқу жылында түрлі кәсіби байқауларға қатысып, біліктілік курстарын оқуды талап етті.

Жаңа оқу жылына сәттілік тіледі.

Педагогикалық кеңестің төрағасы: [signature] А. Алуашова

Хатшы: [signature] Г. Өтебаева